

ТЕНДЕРЛІК ҚҰЖАТТАМА

Жұмыс
(сатып алу мәнінің түрі)

Жылжымайтын мүлік объектілерін техникалық зерттеу бойынша жұмыстар
(тендер атауы)

Тапсырыс беруші: "Dosjan temir joly" АҚ

Орналасқан жері: Қазақстан, Астана, Проспект МАНГИЛИК ЕЛ 35А

БСН: 050340010343

Банк деректемелері көрсетіледі: "Қазақстан Халық Банкі" АҚ

ЖСК: KZ806010111000050790

БСК: HSBKKZKX

Есепшот валютасы: KZT

Кбе: 15

Тапсырыс берушінің өкілі: САНСЫЗБАЕВА АЙЖАН АЛТАЕВНА

ЖСН: 890504401266

Лауазымы: Ведущий инженер по путевому хозяйству Производственно-технического управления

Телефоны: 26439

E-mail көрсетіледі: dtz_astana@mail.ru

Ұйымдастырушы: "Dosjan temir joly" АҚ

Орналасқан жері: Қазақстан, Астана, Проспект МАНГИЛИК ЕЛ 35А

БСН: 050340010343

Банк деректемелері көрсетіледі: "Қазақстан Халық Банкі" АҚ

ЖСК: KZ806010111000050790

БСК: HSBKKZKX

Есепшот валютасы: KZT

Кбе: 15

Өтінімді қамтамасыз етуді енгізу үшін банктік деректемелер: "Қазақстан Халық Банкі"
АҚ

ЖСК: KZ806010111000050790

БСК: HSBKKZKX

Есепшот валютасы: KZT

Кбе: 15

Ұйымдастырушының БСН: 050340010343

Ұйымдастырушының өкілі: ІЛЕСХАН БЕКАРЫС НҰРЛАНХАНҰЛЫ

ЖСН: 960824301423

Лауазымы: Аналитик рынок ТРУ

Телефоны:

Е-mail көрсетіледі: b.ileskhan@dtj.kz

Тендерлік комиссияның хатшысы: ІЛЕСХАН БЕКАРЫС НҰРЛАНХАНҰЛЫ

ЖСН: 960824301423

Лауазымы: Аналитик рынок ТРУ

Телефоны:

Е-mail көрсетіледі: b.ileskhan@dtj.kz

1. Жалпы ережелер

1. Тендер қоса берілген лоттардың тізбесіне сәйкес өнім берушіні(лерді) таңдау мақсатында өткізіледі.

2. Осы тендерлік құжаттама (бұдан әрі – ТҚ) мыналарды қамтиды:

1) осы ТҚ-ға 1-қосымшаға сәйкес лоттардың тізбесі;

2) осы ТҚ-ға 2, 3, 4 және 5-қосымшаларға сәйкес біліктілік талаптары;

3) сатып алынатын тауарларға, жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге Қазақстан Республикасының ұлттық стандарттарын, ал олар болмаған жағдайда мемлекетаралық стандарттарды көрсете отырып техникалық ерекшелік. Ұлттық және мемлекетаралық стандарттар болмаған кезде, осы ТҚ-ға 6, 8, 9 және 10-қосымшаларға сәйкес сатып алуды нормалау ескеріле отырып, сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің талап етілетін функционалдық, техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамалары көрсетіледі.

Бұл ретте техникалық ерекшелікте өнім берушілерге қойылатын, берілетін тауарлардың Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес техникалық регламенттерде, стандарттар ережелерінде немесе өзге де құжаттарда белгіленген талаптарға сәйкес келетінін растайтын құжаттарды беру туралы талап қамтылуға тиіс;

4) осы ТҚ-ға 11-қосымшаға сәйкес электрондық тендерге қатысуға келісім;

4-1) осы ТҚ-ның 11-1-қосымшасына сәйкес әлеуетті өнім берушінің «Толық бітіріп берілетін құрылыс» шарты бойынша жұмыстарды орындау жөніндегі келісімі (міндеттемелері);

5) осы ТҚ-ға 13, 14, 15 және 16-қосымшаларға сәйкес тауарларды жеткізу (жұмыстарды орындау, қызметтер көрсету) үшін әлеуетті өнім берушінің біліктілігі туралы мәліметтер;

6) Ұлттық әл-ауқат қоры мен Қағидаларға сәйкес неғұрлым сапалы тауар, жұмыс, қызмет көрсетуді ұсынатын тендерге қатысушыны айқындау мақсатында тендерге қатысушыны анықтау кезінде тендерлік комиссия ескеретін өлшемшарттардың тізбесін қамтиды;

7) тауарлар (жұмыстар, қызметтер) сатып алу бойынша осы тендер үшін бөлінген сома **7717000** теңгені құрайды. Осы тендер үшін бөлінген сома лоттар бөлінісінде мынаны құрайды;

Осы тендер үшін бөлінген сома лоттар бөлінісінде мынаны құрайды:

Лот №	Тауардың (жұмыстың, көрсетілетін қызметтің атауы)	Лот бойынша бөлінген сома (теңге)
81458506-OT1	Жылжымайтын мүлік объектілерін техникалық зерттеу бойынша жұмыстар	7717000

3. Тендерге қатысуға ниет білдірген әлеуетті өнім беруші тендерге қатысуға өтінім мен қоса тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алу үшін бөлінген соманың бір пайызы мөлшерінде тендерге қатысу өтінімді қамтамасыз етуді төменде келтірілген нысандардың бірінде енгізеді:

1) әлеуетті өнім берушінің электрондық әмиянындағы ақша;

2) осы ТҚ-ға 17-қосымшаға сәйкес электрондық құжат нысанында берілетін банктік кепілдік.

"Толық бітіріп берілетін құрылыс бойынша" тендер тәсілімен сатып алуды жүзеге асыру кезінде өтінімді қамтамасыз ету мөлшері үш пайызды құрайды.

4. Тендерге қатысу өтінімді қамтамасыз етудің қолданылу мерзімі тендерге қатысуға өтінімнің өзінің мерзімінен кем болмауға тиіс.

2. Тендерлік құжаттаманың жобасын алдын ала талқылау, ұйымдастырушының немесе тапсырыс берушінің Тендерлік құжаттама ережелерін түсіндіруі

5. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік құпиялар туралы заңнамасына сәйкес олар туралы мәліметтер мемлекеттік құпияларды құрайтын және (немесе) Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 45-бабы, 4-тармағына сәйкес таратылуы шектелген қызметтік ақпаратты қамтитын сатып алуды жүргізу кезінде ТҚ-ның жобасын алдын ала талқылау жүзеге асырылмайды.

6. ТҚ-ның жобасына ескертулерді, сондай-ақ ТҚ-ның ережелерін түсіндіру туралы сұрау

салуларды әлеуетті өнім берушілер тапсырыс берушіге, ұйымдастырушыға веб-портал арқылы, сатып алуды жүзеге асыру туралы хабарландыру орналастырылған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей жіберуі мүмкін.

7. ТҚ-ның жобасына ескертулер, сондай-ақ ТҚ-ның ережелерін түсіндіру туралы сұрау салулар болмаған кезде, ТҚ-ны сатып алуды жүзеге асыру туралы хабарландыру орналастырылған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде бекітілген болып есептеледі.

8. Ескертулер, сондай-ақ ТҚ ережелерін түсіндіру туралы сұрау салулар болған кезде тапсырыс беруші, ұйымдастырушы ТҚ алдын ала талқылау мерзімі өткен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде мынадай шешімдер қабылдайды:

1) ТҚ жобасына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізеді;

2) оларды қабылдамау себептерінің негіздемелерін көрсете отырып, ТҚ-ның жобасына ескертулерді қабылдамайды;

3) ТҚ ережелеріне түсінік береді.

ТҚ жобасына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген жағдайда, ТҚ бекітілгендей тәртіппен веб-порталда өзгертілген ТҚ бекіту туралы шешім қабылданады.

Осы тармақтың 2) және 3) тармақшаларында көзделген шешімдер қабылданған күннен бастап ТҚ бекітілген болып есептеледі.

9. Ұйымдастырушы ТҚ бекітілген күннен бастап бір жұмыс күнінен кешіктірмей веб-порталда ТҚ жобасын алдын ала талқылау хаттамасын орналастырады.

ТҚ-ның жобасына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген жағдайда, сатып алуды ұйымдастырушы ТҚ-ны алдын ала талқылау хаттамасымен бірге ТҚ-ның жобасын алған веб-портал қатысушысы-әлеуетті өнім берушілерді автоматты түрде хабардар ете отырып, ТҚ-ның бекітілген мәтінін орналастырады.

10. ТҚ жобасын алдын ала талқылау хаттамасында ТҚ жобасына келіп түскен ескертулер және олар бойынша қабылданған шешімдер туралы ақпарат қамтылады.

11. ТҚ жобасына ескертулерді қабылдамау туралы шешім қабылданған жағдайда, оларды қабылдамау себептерінің егжей-тегжейлі негіздемесі ТҚ жобасын алдын ала талқылау хаттамасында көрсетіледі.

12. Әлеуетті өнім берушілердің веб-портал арқылы ТҚ ережелерін түсіндіру туралы сұрау салулары келіп түскен кезде ТҚ ережелерін түсіндіру мәтіні ТҚ жобасын алдын ала талқылау хаттамасында көрсетіледі.

13. Қажеттілік туындаған жағдайда алдын ала талқылау нәтижелері бойынша Тапсырыс берушінің шешіміне Заңда айқындалған тәртіппен шағым жасалуы мүмкін.

3. Әлеуетті өнім берушілердің тендерге қатысуға өтінімді ресімдеуіне және оны ұсынуына қойылатын талаптар

14. Тендерге қатысуға өтінім веб-портал арқылы электрондық құжат нысанында беріледі және тендерге қатысуға үміткер әлеуетті өнім берушінің осы ТҚ-да көзделген талаптар мен шарттарға сәйкес тауарды беруді жүзеге асыруға (жұмысты орындауға, қызметті көрсетуге)

келісiмiн бiлдiру нысаны, сондай-ақ әлеуеттi өнiм берушiнiң бiлiктiлiк талаптарына және «Квазимемлекеттiк сектордың жекелеген субъектiлерiнiң сатып алуы туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 7-бабымен (бұдан әрi – Заң) белгiленген шектеулерге сәйкестiгiн растайтын ол туралы мәлiметтердi алуға келiсiмiн бiлдiру нысаны болып табылады.

15. Әлеуеттi өнiм берушi өтiнiмдi қалыптастыру алдында осы ТҚ-ға 11-қосымшаға сәйкес тендерге қатысу туралы келiсiмдi қабылдайды.

16. Консорциум ретiнде тендерге қатысуға ниет бiлдiрген заңды тұлғалар өтiнiм берер алдында осы ТҚ-ға 12-қосымшаға сәйкес бiрлескен шаруашылық қызмет туралы шартты (консорциалдық келiсiм) ресiмдейдi және веб-порталда жасасады.

17. Тендерге қатысуға өтiнiмде мыналар болуы тиiс:

1) электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған құжаттардың электрондық көшiрмелерiн не оның бiлiктiлiк талаптарына сәйкестiгiн растау үшiн әлеуеттi өнiм берушi ұсынатын электрондық құжаттарды ұсынады:

Әлеуеттi өнiм берушiнiң сатып алынатын тауарларды өндiруге, қайта өңдеуге, жеткiзуге және өткiзуге, жұмыстарды орындауға, қызметтер көрсетуге құқығын растайтын рұқсаттар (хабарламалар) және (немесе) патенттер, куәлiктер, сертификаттар, сертификаттар, басқа да құжаттар;

осы ТҚ-ға 2-1, 3-1, 4-1 және 5-1-қосымшаларға сәйкес сатып алу процесiне қатысу үшiн бiлiктiлiгi туралы мәлiметтер;

осы ТҚ-ға 13, 14, 15 және 16-қосымшаларға сәйкес сатып алу процесiне қатысу үшiн бiлiктiлiгi туралы мәлiметтер;

осы ТҚ-ға 18-қосымшаға сәйкес тендерде сатып алу нысанасы болып табылатын жұмыстарды орындау жөнiндегi қосалқы мердiгерлер (қызметтер көрсету кезiндегi бiрлесiп орындаушылар) туралы мәлiметтер және әлеуеттi өнiм берушiнiң қосалқы мердiгерлерге (бiрлесiп орындаушыларға) жиынтығында жұмыстардың (құрылыс құнының), көрсетiлетiн қызметтердiң екiден бiрiнен астам көлемiн қосалқы мердiгерлiкке (бiрлесiп орындауға) беруге тыйым салу шарты.

Егер әлеуеттi өнiм берушi жұмыстардың не көрсетiлетiн қызметтердiң қосалқы мердiгерлерiн (бiрлесiп орындаушыларын) тартуды көздеген жағдайда, әлеуеттi өнiм берушi ұйымдастырушыға тартылатын қосалқы мердiгерлердiң (бiрлесiп орындаушылардың) бiлiктiлiк талаптарына сәйкестiгiн растайтын құжаттардың электрондық көшiрмелерiн ұсынады;

2) ұлттық стандарттарды, ал олар болмаған жағдайда сатып алынатын тауарларға, жұмыстарға, көрсетiлетiн қызметтерге мемлекетаралық стандарттарды көрсете отырып, техникалық ерекшелiктi қамтиды. Ұлттық және мемлекетаралық стандарттар болмаған кезде сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетiлетiн қызметтердiң функционалдық, техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамаларының сипаттамасы, оның iшiнде тауар белгiлерiн, қызмет көрсету белгiлерiн, фирмалық атауларын, патенттерiн, пайдалы модельдерiн, өнеркәсiптiк үлгiлерiн, тауардың шығарылған жерiнiң атауы мен өндiрушiнiң атауын және өзге де сипаттамаларын көрсете отырып, жұмыстар немесе көрсетiлетiн қызметтер үшiн осы ТҚ-ға 8 және 9-қосымшаларға сәйкес, тауарлар үшiн осы ТҚ-ға 10-қосымшаға сәйкес нысандар бойынша көрсетiледi. Қажет болған жағдайда техникалық ерекшелiкте нормативтiк-техникалық құжаттама көрсетiледi.

Әлеуетті өнім берушілердің тендерге қатысуға өтінімдерінде өндірушілерден не олардың ресми өкілдерінен (дилерлерден немесе дистрибьюторлардан) хаттардың (сертификаттардың, куәліктердің), техникалық паспорттардың, әлеуетті өнім берушінің техникалық ерекшелігінде көрсетілген өнімнің сәйкестік сертификаттарының көшірмелерінің болуы туралы талаптарды көрсетуге жол беріледі.

Егер техникалық паспорттар, өнімнің сәйкестік сертификаттары және тапсырыс беруші талап ететін басқа да құжаттар тауарды сатып алу кезінде не Қазақстан Республикасының аумағына әкелу, оларды белгіленген тәртіппен тіркеу кезінде берілген жағдайда, онда әлеуетті өнім беруші тауарларды жеткізу кезінде осындай құжаттарды ұсыну туралы кепілдік хат ұсынуға тиіс;

3) тендерге қатысуға өтінімді қамтамасыз ету Заңда белгіленген мөлшерде:

әлеуетті өнім берушінің электрондық әмиянындағы ақша түрінде;

осы ТҚ-ға 17-қосымшаға сәйкес электрондық құжат нысанында берілетін банктік кепілдік;

4) осы ТҚ-ға 19-қосымшаға сәйкес электрондық құжат нысанындағы тендерлік баға ұсынысы.

5) осы ТҚ-ға 11-қосымшаға сәйкес тендерге қатысу туралы келісім;

6) осы ТҚ-ға 11-1-қосымшаға сәйкес «толық дайын түрінде берілетін құрылыс» шарты бойынша жұмыстарды орындау жөніндегі әлеуетті өнім берушінің келісімі (міндеттемелері).

18. Тендерлік өтінімнің қолданылу мерзімі тендерлік өтінімдер ашылған күннен бастап кемінде күнтізбелік алпыс күнді құрайды.

19. Тендерге қатысуға өтінімдегі құжаттардың электрондық көшірмелері бейненің түсіне қарамастан, айқын және түсінікті болуы тиіс.

20. Тендерге қатысуға өтінім, сондай-ақ тендерге қатысуға өтінімге қатысты барлық хат-хабарлар мен құжаттар әлеуетті өнім берушінің таңдауы бойынша қазақ немесе орыс тілдерінде жасалады және ұсынылады.

Оларды әлеуетті өнім беруші басқа тілде жасаған және ұсынған жағдайда, оларға дәл (нотариалды расталған) аудармасы қоса беріледі.

4. Тендерге қатысуға өтінімді ұсыну тәртібі

21. Әлеуетті өнім беруші тендерге қатысуға өтінімді ұйымдастырушыға веб-портал арқылы ұсынады.

22. Әлеуетті өнім берушілер ұсынған тендерге қатысуға өтінімдер веб-порталда автоматты түрде тіркеледі.

23. Тендерге қатысуға өтінім берген өнім берушіге веб-портал тиісті хабарламаны автоматты түрде жіберген сәтте тендерге қатысуға өтінім қабылданған болып есептеледі.

24. Әлеуетті өнім берушінің тендерге қатысуға өтінімін веб-портал мынадай:

1) әлеуетті өнім беруші бұрын осы тендерге қатысуға өтінім берген;

2) тендерге қатысуға өтінім осы тендерге қатысуға өтінімдерді қабылдаудың соңғы мерзімі

өткеннен кейін веб-порталға келіп түскен;

3) тендерлік баға ұсынысы осы тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу үшін бөлінген сомадан асып түскен;

4) Заңның 7-бабы 1-тармағының 1) тармақшасында және 3-тармағында көзделген жағдайларда автоматты түрде қабылдамайды.

25. Әлеуетті өнім берушінің тендерлік баға ұсынысы теңгемен көрсетілуге тиіс.

5. Тендерге қатысуға өтінімдерді өзгерту және оларды кері қайтарып алу

26. Әлеуетті өнім беруші тендерге қатысуға өтінімдер беру мерзімінің аяқталуынан кешіктірмей:

1) енгізілген тендерге қатысуға өтінімді өзгертуге және (немесе) толықтыруға құқылы;

2) өзі енгізген тендерге қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді қайтару құқығын жоғалтпай, өзінің тендерге қатысуға өтінімін кері қайтарып алуға құқылы.

27. Тендерге қатысуға өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі өткеннен кейін тендерге қатысуға өтінімді қайтарып алу сияқты өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізуге жол берілмейді.

28. Әлеуетті өнім беруші оның тендерге қатысуына байланысты барлық шығыстарды көтереді. Тапсырыс беруші, ұйымдастырушы, тендерлік комиссия, сараптау комиссиясы (сарапшы) тендер қорытындыларына қарамастан, осы шығыстарды өтеу жөніндегі міндеттемелерді көтермейді.

6. Тендерге қатысуға өтінімдерді ашу

29. Веб-портал тендерге қатысуға өтінімдерді қабылдау мерзімі аяқталатын күн мен уақыт басталғаннан кейін бес минут ішінде тендерге қатысуға өтінімдерді автоматты түрде ашуды жүргізеді.

Егер тендерге (лотқа) тендерге (лотқа) қатысуға бір ғана өтінім ұсынылған жағдайда, онда мұндай өтінім де ашылады және қаралады.

30. Тендерге қатысуға өтінімдерді ашу хаттамасын веб-портал ашу күні автоматты түрде орналастырады. Бұл ретте веб-портал тендерлік комиссия мүшелеріне, веб-порталда автоматты түрде тіркелген әлеуетті өнім берушілерге автоматты түрде хабарламалар жібереді.

31. алып тасталды

7. Тендерге қатысуға өтінімдерді қарау

32. Тендерге қатысуға өтінімдерді қарауды тендерлік комиссия біліктілік талаптарына және ТҚ талаптарына сәйкес келетін әлеуетті өнім берушілерді айқындау мақсатында жүзеге асырады.

33. Қағидаларға сәйкес тендерлік комиссия:

1) тендерге қатысуға өтінімдерді қарауды, бағалауды және салыстыруды жеңілдету үшін әлеуетті өнім берушілерден олардың өтінімдеріне байланысты материалдар мен түсіндірулерді жазбаша нысанда және (немесе) электрондық құжат нысанында сұратады;

2) тендерге қатысуға өтінімдерде қамтылған мәліметтерді нақтылау мақсатында тиісті жеке немесе заңды тұлғалардан, мемлекеттік органдардан қажетті ақпаратты жазбаша нысанда және (немесе) электрондық құжат нысанында сұратады.

34. Тендерге қатысуға өтінімдерді қарау кезінде тендерлік комиссия мыналарды ресімдейді:

1) алып тасталды

2) қорытындылар туралы хаттаманы ресімдейді.

35. алып тасталды

36. алып тасталды

37. алып тасталды

38. алып тасталды

39. алып тасталды

40. Тендерлік комиссия тендерге қатысуға өтінімді енгізілген қамтамасыз етуді ТҚ талаптарына сәйкес келмейтін деп мынадай жағдайларда таниды:

1) банк кепілдігі түрінде ұсынылған тендерге қатысуға өтінімді қамтамасыз етудің қолданылу мерзімінің жеткіліксіздігі;

2) тендерге қатысуға өтінім қамтамасыз ету тиісінше ресімделмеген жағдайда, бұл тендерлік комиссия мына:

тендерге қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді берген тұлға;

банктік кепілдік түрінде тендерге қатысуға өтінімді қамтамасыз ету енгізілетін тендердің атауы мен нөмірі;

тендерге қатысуға өтінімді қамтамасыз етудің қолданылу мерзімі, банктік кепілдік түрінде ұсынылған оны беру шарттары және (немесе) тендерге қатысуға өтінімді қамтамасыз ету сомасы;

тендерге қатысуға өтінімді қамтамасыз ету берілген тұлға;

оның пайдасына тендерге қатысуға өтінімді қамтамасыз ету енгізілетін тұлға туралы мәліметтердің жоқтығынан тендерге қатысуға өтінім беруге мүмкіндік бермейді;

3) тендерге қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді тендерге бөлінген соманың кемінде бір пайызы мөлшерінде енгізу арқылы қамтамасыз етіледі.

Әлеуетті өнім беруші қатысатын тендер лоттарының жалпы сомасына тендерге қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді енгізуге жол беріледі.

Тендерге қатысуға өтінімді қамтамасыз етудің тиынмен есептелген сомасы дөңгелектенеді. Бұл ретте елу тиыннан аз сома нөлге дейін дөңгелектенеді, ал елу тиынға тең және одан жоғары сома бір теңгеге дейін дөңгелектенеді.

Өзге негіздер бойынша енгізілген электрондық тендерге қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді

ТҚ талаптарына сәйкес келмейді деп тануға жол берілмейді.

41. алып тасталды

42. ҚР Қаржы министрінің м.а. 18.07.2022 жылғы №729 бұйрығымен.

43. Әлеуетті өнім беруші (тендерге қатысушы деп танылған) тендерге қатысуға жіберілмейді, егер:

1) Ол және (немесе) оның қосалқы мердігері не бірлесіп орындаушысы біліктілік талаптарына сәйкес келмейді деп айқындалса;

2) Заңның 7-бабында көзделген сатып алуға қатысуға байланысты шектеулері бар болса. Заңның 7-бабы 1-тармағының 1) тармақшасында және 3-тармағында көзделген сатып алуға қатысуға байланысты шектеулер бойынша әлеуетті өнім берушінің тендерге қатысуға өтінімі веб-портал автоматты түрде қабылдамауы тиіс. Заңның 7-бабы 1-тармағының 2) және 3) тармақшаларында көзделген сатып алуға қатысуға байланысты шектеулер бойынша тендерлік комиссия ақпаратты тиісті уәкілетті органдардың интернет-ресурстарында қарайды;

3) оның тендерге қатысуға өтінімі, оның ішінде, егер ол Қағидалардың талаптарына сәйкес тендерге қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді ұсынбаса, КҚ талаптарына сәйкес келмейді деп айқындалса.

44. алып тасталды

45. Тендерлік комиссия тендер тәсілімен сатып алу қорытындылары туралы хаттаманы қалыптастыру кезінде, тендерге қатысуға бір өтінім ұсынылған жағдайларды қоспағанда, Қағидаларға сәйкес ТҚ-да көзделген өлшемшарттарға сәйкес тендерге қатысуға өтінім берген әрбір әлеуетті өнім берушіге қатысты шартты жеңілдіктерді айқындайды.

46. Тендерлік баға ұсынысына әсер ететін өлшемшарттарды есептеу тәртібі қағидалармен айқындалады.

Жұмыс тәжірибесінің болуы үшін шартты бағаға пайыздық әсер тендерлік құжаттамаға 15 және 16-қосымшаларға сәйкес анықталады.

Жұмыс тәжірибесінің болуы үшін шартты бағаға пайыздық әсер тендерлік құжаттамаға 13 және 14-қосымшаларға сәйкес айқындалады.

47. Егер әлеуетті өнім берушінің төленген салықтар көрсеткіші төрт пайыздан жоғары болған жағдайда, веб-портал автоматты түрде бір оннан (0,1) пайыздан асатын, бірақ үш пайыздан аспайтын әрбір пайыз үшін шартты жеңілдік береді.

48. Әлеуетті өнім беруші осы өлшемдерді растайтын құжаттарды ұсынбаған жағдайда, тендерлік комиссия мұндай әлеуетті өнім берушіге тиісті шартты жеңілдікті қолданбайды. Шартты жеңілдіктерді қолдану үшін әлеуетті өнім беруші ұсынған шарттар шартқа енгізіледі.

49. Егер тауарлардың (көрсетілетін қызметтердің) неғұрлым жақсы функционалдық техникалық, пайдалану және сапалық сипаттамалары, технологиялық шешімдер және (немесе) жұмыстарды үздік материалдардан орындау ұсынылса, әлеуетті өнім берушінің тауарларына, жұмыстарына және көрсетілетін қызметтеріне техникалық ерекшеліктің ТҚ-да көрсетілген тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің техникалық ерекшелігіне сәйкес келмеуіне жол беріледі.

50. Тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу жөніндегі тендерге қатысатын әлеуетті өнім берушінің жұмыс тәжірибесінің болуы мәселесін қарау кезінде тендерлік комиссия осы тендерде сатып алынатын тауарды жеткізу, жұмыстарды орындау және қызметтерді көрсету нарығында ғана, оның ішінде тауардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің ұқсас түрлері бойынша жұмыс тәжірибесін қарайды.

51. Өлшем - тауарлардың функционалдық, техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамалары және (немесе) сатып алынатын тауарларды пайдалануға, техникалық қызмет көрсетуге және жөндеуге арналған шығыстар сараптау комиссиясының не сарапшының (ол болған кезде) қорытындысына сәйкес қолданылады. Осы өлшемшарттың тендерге қатысуға өтінімнің шартты бағасына жиынтық пайыздық әсері он пайыздан аспауға тиіс.

Егер әлеуетті өнім берушілер тендерге қатысуға өтінімде ұсынған техникалық ерекшеліктегі тауарлардың функционалдық сипаттамалары ТҚ техникалық ерекшелігінде белгіленген тауарлар мүмкіндіктерінің шегінен асқан жағдайда, Сараптау комиссиясы не сарапшы әрбір мүмкіндік үшін нөл бүтін оннан бес пайызды (0,5 %) белгілейді. Бұл ретте жалпы жиынтық көрініс үш пайыздан (3%) аспауы тиіс.

Егер әлеуетті өнім берушілер тендерге қатысуға өтінімде ұсынған техникалық ерекшеліктегі тауарлардың техникалық сипаттамалары ТҚ техникалық ерекшелігінде Белгіленген тауарлардың параметрлерінен асып кеткен жағдайда, тендерлік комиссия әрбір асып кеткен параметр үшін нөл бүтін оннан бес пайызды (0,5 %) белгілейді. Бұл ретте жалпы жиынтық көрініс үш пайыздан (3%) аспауы тиіс.

Егер әлеуетті өнім берушілер тендерге қатысуға өтінімде ұсынған техникалық ерекшеліктегі тауарлардың сапалық сипаттамалары ТҚ техникалық ерекшелігінде белгіленген тауардың талаптары мен мақсатынан асып кеткен жағдайда, тендерлік комиссия осы сипаттама үшін бес пайыз (5%) белгілейді.

Егер әлеуетті өнім берушілер тендерге қатысуға өтінімде ұсынған техникалық ерекшеліктегі тауарлардың пайдалану сипаттамалары (пайдалану мерзімі, тасымалдау, сақтау шарттары, пайдалануға, техникалық қызмет көрсетуге және жөндеуге арналған шығыстар) саудасаттықтың техникалық ерекшелігінде белгіленген шарттардан асып кетсе, тендерлік комиссия әрбір асып кеткен шарт үшін нөл бүтін оннан бес пайызды (0,5 %) белгілейді. Бұл ретте жалпы жиынтық көрініс үш пайыздан (3%) аспауы тиіс.

52. Тендерге қатысуға өтінім, егер онда ұсынылған тендерге қатысуға өтінімнің мәнін қозғамай түзетуге болатын грамматикалық немесе арифметикалық қателер болса, ТҚ талаптарына жауап береді деп танылады.

8. Тендерлік баға ұсыныстарын бағалау мен салыстыру және тендердің жеңімпазын айқындау

53. Тендерлік баға ұсынысын веб-портал біліктілік талаптарына және ТҚ талаптарына сәйкестігі мәніне тендерге қатысуға өтінімді қарау қорытындылары бойынша автоматты түрде ашады.

54. Веб-портал тендерге қатысушылардың тендерлік баға ұсыныстарын автоматты түрде бағалауды және салыстыруды жүргізеді:

Қағидаларға сәйкес айқындалатын демпингтік баға есептеледі;

тендерге қатысушылардың шартты бағалары салыстырылады, ең төмен шартты баға негізінде

тендер жеңімпазы, сондай-ақ ең төмен шартты бағадан кейінгі баға негізінде екінші орын алған әлеуетті өнім беруші айқындалады;

тендерлік баға ұсыныстарының шартты бағалары тең болған кезде мемлекеттік кірістер органдарының ақпараттық жүйелерінің деректеріне сәйкес веб-портал автоматты түрде айқындайтын қаржылық тұрақтылықтың үлкен көрсеткіші бар тендерге қатысушы жеңімпаз деп танылады.

Әлеуетті өнім берушінің қаржылық орнықтылығы көрсеткішінің есебін осы Қағидаларда айқындалған тәртіппен мемлекеттік кірістер органдарының ақпараттық жүйелерінің деректеріне сәйкес веб-портал автоматты түрде айқындайды.

Қаржылық орнықтылық көрсеткіштері тең болған кезде қатысуға өтінімі басқа әлеуетті өнім берушілердің тендерге қатысуға өтінімдерінен бұрын түскен тендерге қатысушы жеңімпаз деп танылады.

55. Тендерлік баға ұсыныстарын бағалау және салыстыру нәтижелері тендер тәсілімен сатып алу қорытындылары туралы хаттамада орналастырылады.

9. Тендерге қатысуға өтінімдерді қамтамасыз етуді қайтару

56. Ұйымдастырушы әлеуетті өнім берушіге электрондық банк кепілдігі түрінде енгізілген тендерге қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді мынадай:

1) осы әлеуетті өнім беруші тендерге қатысуға өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі өткенге дейін өзінің тендерге қатысуға өтінімін қайтарып алған жағдайларда ашу хаттамасын орналастырған;

2) тендер тәсілімен сатып алу қорытындылары туралы хаттамаға қол қойылғаннан кейін тоқтатылады. Көрсетілген жағдай тендер жеңімпазы деп айқындалған тендерге қатысушыға қолданылмайды;

3) әлеуетті өнім берушінің шартқа қол қоюы және ол шарттың орындалуын қамтамасыз етуді және (немесе) Қағидалардың 160-тармағына сәйкес соманы (болған кезде) енгізген жағдайлардың бірі басталған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде қайтарады.

57. Электрондық сатып алу ақпараттық жүйесінің операторы әлеуетті өнім берушіге ол бұғаттаған тендерге қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді мынадай:

1) осы әлеуетті өнім беруші тендерге қатысуға өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі өткенге дейін өзінің тендерге қатысуға өтінімін кері қайтарып алған;

2) тендер тәсілімен сатып алу қорытындылары туралы хаттамаға қол қойылғаннан кейін тоқтатылады. Көрсетілген жағдай тендер жеңімпазы деп айқындалған тендерге қатысушыға қолданылмайды;

3) әлеуетті өнім берушінің шартқа қол қоюы және ол Қағидалардың 151-тармағына сәйкес шарттың және (немесе) соманың орындалуын қамтамасыз етуді енгізген (болған кезде) жағдайларда автоматты түрде бұғаттаудан шығарады.

58. Электрондық банк кепілдігі түрінде енгізілген тендерге қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді ұйымдастырушы, егер:

- 1) тендер жеңімпазы деп айқындалған әлеуетті өнім беруші туралы шарт жасасудан жалтарса;
- 2) тендер жеңімпазы шарт жасасып, шарттың орындалуын қамтамасыз етуді және (немесе) Қағидалардың 151-тармағына сәйкес соманы (бар болса) енгізу және (немесе) енгізу мерзімдері туралы ек-де белгіленген талаптарды орындамаса не тиісінше орындамаса, оның ішінде уақтылы орындамаса.

59. Электрондық әмиян арқылы енгізілген тендерге қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді электрондық сатып алу ақпараттық жүйесінің операторы бұғаттайды және мынадай:

- 1) тендер жеңімпазы деп айқындалған әлеуетті өнім беруші шарт жасасудан жалтарған;
- 2) тендер жеңімпазы шарт жасасып, Қағидалардың 151-тармағына сәйкес (болған кезде) шарттың орындалуын қамтамасыз етуді және (немесе) соманы енгізу және (немесе) енгізу мерзімдері туралы ТҚ-да белгіленген талаптарды орындамаса не тиісінше орындамаған, оның ішінде уақтылы орындамаған жағдайлардың бірі басталған кезде әлеуетті өнім берушіге қайтарылмайды.

10. Тендер қорытындылары бойынша сатып алу туралы шарт

60. Заңда көзделген жағдайларды қоспағанда, шарт электрондық цифрлық қолтаңбалармен куәландырылған Тапсырыс беруші мен өнім беруші арасында веб-портал арқылы жасалады.

Тапсырыс беруші веб-портал автоматты түрде айқындайтын, Заңның 7-бабы 1-тармағының 1) тармақшасында және 3-тармағында көзделген шектеулері бар тұлғаны қоспағанда, Қағидалардың 21, 21, 23, 24 және 25-қосымшаларына сәйкес үлгілік шартқа сәйкес жасалған, тендер тәсілімен сатып алу қорытындылары туралы хаттамаға шағым жасау мерзімі өткен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде шарт жобасын жеңімпазға жібереді.

61. Өнім берушіні таңдау рәсімдері, оның ішінде алдын ала жылдық сатып алу жоспары шеңберінде өткізілген сатып алу қорытындыларына шағым жасау рәсімдері тиісті бюджет (даму жоспары, жеке қаржыландыру жоспары) бекітілгенге дейін аяқталған жағдайларда, шарттың жобасы жеңімпазға тиісті бюджет (даму жоспары, жеке қаржыландыру жоспары) бекітілген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде жіберіледі.

62. Шарттың жобасын тендер жеңімпазы Шарттың жобасын қоса бере отырып, веб-порталға хабарлама келіп түскен күннен бастап үш жұмыс күні ішінде электрондық цифрлық қолтаңба арқылы куәландырады.

63. Тапсырыс беруші тендер тәсілімен сатып алу қорытындылары туралы хаттамаға шағымдану мерзімі өткен күннен бастап бір жұмыс күні ішінде веб-портал арқылы өнім берушіге электрондық шартты ресімдеу үшін шартқа қол қоятын тұлға және өнім берушінің деректемелері туралы мәліметтерді сұрату жібереді.

64. Тапсырыс беруші Қағидаларға сәйкес әлеуетті өнім берушінің мәліметтерді растау мерзімі өткен күннен бастап бір жұмыс күнінен кешіктірмей электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған шарттың жобасын қалыптастырады және әлеуетті өнім берушіге қол қою үшін жібереді.

65. Тапсырыс беруші Қағидаларға сәйкес әлеуетті өнім берушінің мәліметтерді растау мерзімі өткен күннен бастап бір жұмыс күнінен кешіктірмей электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған шарттың жобасын қалыптастырады және әлеуетті өнім берушіге қол қою үшін жібереді.

66. Өнім беруші Заңда және Қағидаларда белгіленген мерзімде веб-портал арқылы электрондық цифрлық қолтаңбамен шартқа қол қояды.

67. Егер жеңімпаз деп айқындалған әлеуетті өнім беруші белгіленген мерзімде шарттың жобасына қол қоймаса, тапсырыс беруші жеңімпаз шарт жасасудан жалтарған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде екінші орын алған әлеуетті өнім берушіге веб-портал арқылы электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған шарттың жобасын жібереді. Шарттың жобасын екінші орын алған әлеуетті өнім беруші өзіне шарттың жобасы ұсынылған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде электрондық цифрлық қолтаңба арқылы куәландырады.

Егер екінші орын алған әлеуетті өнім беруші тапсырыс беруші қол қойған шартқа белгіленген мерзімде қол қоймаса, тапсырыс беруші қайта сатып алуды жүзеге асырады.

68. Өнім беруші шарт жасалған күннен бастап он жұмыс күні ішінде шарттың орындалуын қамтамасыз етуді, сондай-ақ демпингке қарсы шараларға сәйкес соманы (бар болса) енгізеді.

69. Шарттың орындалуын қамтамасыз ету мөлшерін сатып алуды ұйымдастырушы шарттың жалпы сомасының үш пайызы мөлшерінде белгілейді.

Егер шартта аванс төлеу көзделген болса, өнім беруші шарттың орындалуын қамтамасыз етуге қосымша авансқа тең мөлшерде авансты қамтамасыз етуді енгізеді.

Өнім беруші аванстың толық сомасынан не аванстың бір бөлігінен бас тартуға құқылы. Өнім беруші аванстан ішінара бас тартқан жағдайда аванстың бір бөлігіне тең мөлшерде авансты қамтамасыз етуді енгізеді.

Шарт бойынша міндеттемелердің орындалуына қарай тапсырыс беруші өнім берушінің жазбаша хабарламасы бойынша авансты орындауды қамтамасыз ету мөлшерін шартта көзделген орындалған міндеттемелерге бара-бар азайтады.

70. Қолданылу мерзімі бір қаржы жылынан асатын шарт жасалған жағдайда ағымдағы қаржы жылына шарттың орындалуын қамтамасыз ету мөлшері тиісті қаржы жылында көзделген шарттың жылдық сомасы негізге алына отырып есептеледі.

71. Өнім беруші шарттың орындалуын қамтамасыз етудің мынадай түрлерінің бірін таңдай алады:

- 1) Тапсырыс берушінің банк шотына енгізілетін кепілді ақшалай жарнаны қамтиды;
- 2) Қағидаларға 26-қосымшаға сәйкес электрондық құжат нысанында берілетін банк кепілдігін қамтуға тиіс;

Тапсырыс беруші Өнім берушіге шарттың орындалуын қамтамасыз етуді, сондай-ақ Қағидалардың 151-тармағына сәйкес соманы қайтарады. Өнім беруші шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындаған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде.

72. Өнім берушінің шарт бойынша міндеттемелер толық орындалғанға дейін үшінші тұлғаларда енгізілген кепілдікті ақшалай жарнаға тұтастай не оның бір бөлігін талап ету құқығының туындауына әкеп соғатын іс-әрекеттер жасауына жол берілмейді.

73. Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді, сондай-ақ демпингке қарсы шаралар қабылданған жағдайда қамтамасыз ету сомасын (болған кезде) ұйымдастырушы өнім берушінің шарттық міндеттемелерді орындамауына не тиісінше орындамауына байланысты шарт бұзылған

жағдайда өнім берушіге қайтармайды.

74. Шарт бойынша тауарларды берудің, жұмыстарды орындаудың, қызметтерді көрсетудің ең аз мерзімі тауарды беруге, оның ішінде оны дайындауға (өндіруге), жеткізуге, жұмыстарды орындауға, қызметтерді көрсетуге жұмсалатын мерзімнен кем болмауға, бірақ кемінде күнтізбелік он бес күнді құрайды.

75. Егер жеңімпаз деп танылған әлеуетті өнім беруші Қағидалармен белгіленген мерзімдерде тапсырыс берушіге қол қойылған шартты ұсынбаған немесе шарт жасасып, шарттың орындалуын қамтамасыз етуді және (немесе) демпингке қарсы шараларға сәйкес соманы енгізбеген жағдайда, мұндай әлеуетті өнім беруші шарт жасасудан жалтарған деп танылады.

76. Жеңімпаз деп айқындалған әлеуетті өнім беруші шарт жасасудан жалтарған деп танылған жағдайда, ұйымдастырушы өзі енгізген тендерге қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді электрондық банк кепілдігі түрінде ұстап қалады.

11. Әлеуетті өнім берушілерге жұмыс тәжірибесі болуы бөлігінде қойылатын талаптар

77. Сатып алынатын тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер нарығында жұмыс тәжірибесінің болуы бөлігінде әлеуетті өнім берушілерге қойылатын біліктілік талаптары Қағидаларда көзделген жағдайларда белгіленеді.

Аббревиатураларды таратып жазу:

БСН – бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

ЖСН – жеке сәйкестендіру нөмірі.

ТЕНДЕРНАЯ ДОКУМЕНТАЦИЯ

Работа
(вид предмета закупок)

Работы по техническому обследованию объектов недвижимого имущества
(наименование тендера)

Заказчик: АО "Dosjan temir joly"

Юридический адрес: Казахстан, Астана, Проспект МАНГИЛИК ЕЛ 35А

БИН: 050340010343

Банковские реквизиты: АО "Народный Банк Казахстана"

ИИК: KZ806010111000050790

БИК: HSBKZZKX

Валюта счета: KZT

КБе: 15

Представитель заказчика: САНСЫЗБАЕВА АЙЖАН АЛТАЕВНА

ИИН: 890504401266

Должность: Ведущий инженер по путевому хозяйству Производственно-технического управления

Контактный телефон: 26439

E-mail: dtz_astana@mail.ru

Организатор: АО "Dosjan temir joly"

Юридический адрес: Казахстан, Астана, Проспект МАНГИЛИК ЕЛ 35А

БИН: 050340010343

Банковские реквизиты: АО "Народный Банк Казахстана"

ИИК: KZ806010111000050790

БИК: HSBKZZKX

Валюта счета: KZT

КБе: 15

Банковские реквизиты для обеспечения заявки: АО "Народный Банк Казахстана"

ИИК: KZ806010111000050790

БИК: HSBKZZKX

Валюта счета: KZT

КБе: 15

БИН организатора: 050340010343

Представитель организатора: ІЛЕСХАН БЕКАРЫС НҰРЛАНХАНҰЛЫ

ИИН: 960824301423

Должность: Аналитик рынка ТРУ

Контактный телефон:

E-mail: b.ileskhan@dtj.kz

Секретарь тендерной комиссии: ІЛЕСХАН БЕКАРЫС НҰРЛАНХАНҰЛЫ

ИИН: 960824301423

Должность: Аналитик рынка ТРУ

Контактный телефон:

E-mail: b.ileskhan@dtj.kz

1. Общие положения

1. Тендер проводится с целью выбора поставщика (ов) в соответствии с прилагаемым перечнем лотов.
2. Настоящая тендерная документация (далее - ТД) включает в себя:
 - 1) перечень лотов согласно приложению 1 к настоящей ТД;
 - 2) квалификационные требования согласно приложениям 2, 3, 4 и 5 к настоящей ТД;
